


# *Сын есім*

*Сын есім-заттың түрін, түсін, сапасын, салмағын, көлемін білдіретін сөз табы.*


*Сұрақтары: қандай? қай?*

# Сын есім




Дара

Күрделі



Негізгі

Туынды



Сапалық

Қатыстық

# *Туынды сын есім жасайтын жұрнақтар*

---

Есім сөздерден сын  
есім жасайтын

Үстеуден сын есім  
жасайтын

Етістіктен сын есім  
жасайтын

# *Сын есімнің шырайлары*

---

Жай шырай

Күшейтпелі шырай

Салыстырмалы  
шырай

Асырмалы шырай

# *Сын есімнің сөйлемдегі қызметі*

---

Анықтауыш  
ш

Баяндауыш

Толықтауыш  
ш

Пысықтауыш  
ш

Бастауыш

## Құрамына қарай:

### Дара

Бір ғана сөзден тұрып, заттың сындық белгісін білдіреді.  
Мысалы: ақ, бойшаң, малды, баласыз.

### Күрделі

Кемінде екі сөздің тіркесуінен және қосарлануынан болып, заттың сындық белгісін білдіреді. Мысалы: ақ киімді, қара торы, тап-таза, көп балалы, өте жақсы.



## Тұлғасына қарай:

### Негізгі

Ешбір қосымшасыз негізгі түбір күйіндегі сын есім.  
Мысалы: сары, таза, тәтті, терең, жұқа, нашар.

### Туынды

Сөзге жұрнақ жалғануы арқылы жасалған сын есім.  
Мысалы: көш-пелі, кеше-гі, оқы-мысты, әл-сіз, сөз-шең.



## Мағынасына қарай:

### Сапалық

Заттың сын-сипатын анықтайтын төл сын есім.  
Мысалы: сұр, қызылдау, жақсы, үлкен, көкпеңбек,

### Қатыстық

Сын есімнен басқасөз таптарынан жасалған туынды сын есім. Мысалы: бой-шаң адам, өнер-лі бала, ас-палы шам, аш-ық есік.





# Есім сөздерден сын есім жасайтын

<i>жұрнақтар</i>	<i>мысалдар</i>
1) -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті:	1. далалы, орманды;
2) -сыз, -сіз:	2. баласыз, үйсіз;
3) -ғы, -гі, -қы, -кі:	3. жазғы, ішкі;
4) -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік:	4. жастық(шақ), жылдық;
5) -шыл, -шіл:	5. ұйқышыл, кекшіл;
6) -шаң, -шең:	6. сөзшең, бойшаң;
7) -дай, -дей, -тай, -тей:	7. тастай, судай;
8) -қой, -қор, -паз, -кер, -гер:	8. сәнқой, әуесқой;
9) -и, -ы, -і:	9. тарихи, қазақы.



# Етістіктен сын есім жасайтын

<i>жұрнақтар</i>	<i>мысалдар</i>
1) -ғақ, -гек, -қақ, -кек, -ақ, -ек:	1. жабысқақ, үркек;
2) -ық, -ік, -қ, -к:	2. ашық, ақсақ;
3) -ғыш, -гіш, -қыш, -кіш:	3. білгіш, айтқыш;
4) -ғыр, -гір, -қыр, -кір:	4. тапқыр, алғыр;
5) -шақ, -шек:	5. ұялшақ, сүріншек;
6) -ынды, -інді, -нды, -нді:	6. асыранды, үйінді;
7) -малы, -мелі, -палы, -пелі, -балы, белі:	7. созбалы, аспалы;
8) -ымды, -імді, -мды, -мді:	8. шыдамды;
9) -аған, -еген:	9. сүзеген, қабаған;
10) -улы, -улі:	10. ілулі, асулы;
11) -ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе:	11. қызба, бөспе;
12) -ыңқы, -іңкі, -ңқы, -ңкі:	12. басыңқы, көтеріңкі.



# Үстеуден сын есім жасайтын

<i>жұрнақтар</i>	<i>мысалдар</i>
-қы, -кі, -ғы, -гі:	кешегі, бұрынғы.



# Жай шырай

ереже	жасалу жолдары	мысалдар
Заттың жай қалыпты түрін, түсін, сапасын, салмағын, көлемін білдіретін сын есімдер жай шырай болады.	Ешбір қосымшасыз түбір және туынды сын есімдердің өзінен жасалады.	биік, жақсы, үлкен, тәтті, қызыл, ақылды, өнімді.



# Салыстырмалы шырай

ереже	жасалу жолдары	мысалдар
Біз заттың сындық белгісін екінші затпен салыстырғанда кем не артық екенін білдіретін шырайдың түрі.	1) -ырақ, -ірек, -рақ, -рек: 2) -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу: 3) -қыл, -ғыл, -қылт, -ғылт, -ғылтым, -тым, -шыл, -шіл, -қай, -аң, -шылтым, -шілтім, -ғыш, -ілдір, -ша, -ше.	1. ауырырақ, жақсырақ, кішірек; 2. үлкендеу, жақсылау, ыстықтау; 3. ақшыл, көгілдір, бозаң, қоңырқай, ұзынша, сарғыш, қышқылтым.



# Күшейтпелі шырай

ереже	жасалу жолдары	мысалдар
Белгілі бір сындық белгінің бір нәрседен өте артық не өте кем екенін білдіретін шырайдың түрі.	Негізгі сын есімдердің алдынан <i>күшейткіш буынның қосарлануы</i> арқылы жасалады.	<i>сап-сары, жап-жарық, үп-үлкен.</i> <b>Ескерту:</b> <i>Ақ, көк</i> сөздерінің күшейтпелі шырай түрі төмендегідей болады: <i>аппақ, көкпеңбек.</i>



# Асырмалы шырай

ереже	жасалу жолдары	мысалдар
Белгілі бір сындық белгінің бір нәрседен аса артық не аса кем екенін білдіретін шырайдың түрі.	Сын есімнің алдынан <i>күшейткіш үстеулердің</i> (тым, өте, ең, нағыз, орасан, кілең, аса, нақ т. б.) <i>тіркесіп келуі</i> арқылы жасалады.	Өте жарық, тым ауыр, кілең ақылдылар, аса маңызды, ең әдемі.



# АНЫҚТАУЫШ

ереже	мысалдар
Сын есім сөйлемде негізінен анықтауыш болады.	Ол <i>кең</i> бөлмеде жалғыз отыр. Саматтың <i>жүйрік</i> тазысы бар. <i>Көк ала</i> мысық <i>ашық</i> есіктен ішке кірді.





# Баяндауыш

ереже	мысалдар
Сын есім сөйлем соңында келіп, баяндауыш болады.	Сен менен өткен <i>ақылдысың</i> . Оның жақсы көретін түсі – <i>жасыл</i> . Бүгін ауа райы <i>суық</i> . Қар <i>appaқ</i> .



# Толықтауыш

ереже	мысалдар
Сын есім заттанып келіп, толықтауыш болады.	<i>Жақсыдан</i> үйрен, <i>жаманнан</i> жирен. <i>Жаманға</i> сырыңды айтпа. Ол алманың <i>сарылауын</i> таңдады. <i>Білімдіде</i> айла көп.



# Бастауыш

ереже	мысалдар
Заттанған сын есім атау септігінде тұрып, бастауыш болады.	<i>Сыпайы</i> сырын сақтар, <i>әдепті</i> арын сақтар. <i>Білекті</i> бірді жығар, <i>білімді</i> мыңды жығар. Олардың <i>кішілеуі</i> ойынға кірді.



# Пысықтауыш

ереже	мысалдар
Сын есім етістіктің алдынан келіп, іс-әрекеттің сынын білдіріп, пысықтауыш болады.	Ол домбырада шебер ойнады. Ол әнді жақсы айтады. Ол бүгін көңілді жүр. Ол бұл туралы терең ойланды.

